

«8D03203 - Халықаралық журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Касымбекова Назира Муратбековнаның «Әлеуметтік желілердегі инфономика және маркетинг: стратегиясы, әдістері мен құралдары (қазақтілді жарияланымдар бойынша)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Касымбекова Назира Муратбековнаның «Әлеуметтік желілердегі инфономика және маркетинг: стратегиясы, әдістері мен құралдары (қазақтілді жарияланымдар бойынша)» тақырыбындағы докторлық диссертациясы «8D03203 - Халықаралық журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында дайындалған диссертациялық жұмыс. Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясы бекіткен 2023-2029 жылдарға арналған ғылыми дамытудың «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер», «Цифрлық трансформация және ақпараттық қоғамдағы зерттеулер» атты басым бағыттарына толық сәйкес келеді. Зерттеу тақырыбы Қазақстан Республикасының «Масс-медиа туралы» (2024) және «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» (2023) заңдарымен, сондай-ақ мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге бағытталған стратегиялық құжаттармен үндеседі.
2.	Ғылым үшін	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін	Зерттеуде инфономика ұғымы алғаш рет қазақтілді онлайн медиа кеңістігі

	маңыздылығы	қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	контекстінде кешенді түрде қарастырылып, оның ақпараттық, экономикалық аспектілері ғылыми тұрғыда жүйеленген. Автор қазақтілді медиатұтынушылардың контент қабылдау ерекшеліктерін эмпирикалық зерттеу деректері негізінде талдаған. Әлеуметтік желідегі қазақтілді контент өндірушілердің цифрлық экономикадағы орны инфономикалық тәсіл арқылы бағаланып, контенттің ресурс ретіндегі маңызы дәлелденген. Контент тиімділігін бағалауға арналған «зияткерлік және әлеуметтік капитал индексі» атты жаңа тұжырымдаманың ұсынылуы зерттеудің теориялық маңызын арттырады. Сонымен қатар, қазақтілді контенттің монетизациялану жолдары ғылыми тұрғыда сараланған. Зерттеу нәтижелері қазақтілді медианың цифрлық трансформациясын түсіндіруге елеулі үлес қосады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмыс докторант өзі жеке дара жазып шыққан толыққанды зерттеу. Н.Касымбекованың диссертациясы автордың дербес ғылыми ізденісінің нәтижесі екені айқын байқалады. Зерттеу академиялық талаптарға сай сауатты орындалған, деректер бірізді және орынды қолданылған, жасалған тұжырымдар ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Осыған орай, диссертациялық жұмыстың орындалу сапасын жоғары деңгейде деп бағалауға болады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Зерттеу өзектілігі жоғары, себебі қазіргі қазақтілді медиакөшіністе сапалы журналистік материалдардың мақсатты аудиторияға тиімді жетпеуі контентті тарату, өлшеу және маркетингтік басқару тетіктерінің жеткілікті деңгейде жүйеленбеуінен туындап отыр. Осыған байланысты журналистік контентті ақпараттық қана емес, экономикалық құндылығы бар медиаөнім ретінде қарастыру

		қажеттілігі өзекті бола түсуде. Диссертациялық зерттеу контент өндірісі мен дистрибуциясын инфономика және маркетингтік басқару қағидаттарымен ұштастыра отырып, қазақтілді медианың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың ғылыми негіздерін айқындауымен маңызды. Жалпы, зерттеу тақырыбы өзекті, нәтижелері ғылыми және практикалық құндылыққа ие деп бағаланады.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны зерттеу тақырыбының логикалық құрылымын толық ашып, оның негізгі ғылыми міндеттерін жүйелі түрде айқындайды. Бірінші тарауда инфономиканың теориялық негіздері қарастырылып, қазақтілді онлайн контенттегі ақпараттың экономикалық құны мен монетизация тетіктері талдануы диссертация тақырыбының инфономикалық қырын негіздейді. Екінші тарауда қазақтілді әлеуметтік желілердегі маркетинг стратегиялары, алгоритмдер мен аудиториямен өзара әрекеттесу модельдерін зерттеуге арналуы арқылы тақырыптың маркетингтік өлшемін нақтылайды. Үшінші тарауда қазақтілді онлайн медианың мәдени, экономикалық және технологиялық трансформациясы зерделеніп, инфономика мен маркетингтің цифрлық экожүйедегі ықпалы кешенді түрде ашылады. Әр тарау бойынша жасалған тұжырымдар зерттеу нәтижелерінің сабақтастығын қамтамасыз етеді. Жалпы, диссертация тақырыпқа сай, теориялық және практикалық аспектілерді тең дәрежеде қамтып, ғылыми зерттеу үшін негіз болып отыр.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді;	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері оның тақырыбына толық сәйкес келеді. Белгіленген мақсат зерттеудің негізгі бағыттарын айқын көрсетеді, ал қойылған міндеттер оны жүзеге асырудың логикалық тұрғыдан

		2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	дұрыс құрылған және жоспарын толық қамтиды. Міндеттер теориялық талдау, деректерді іріктеу мен синтездеу, контент-талдау, сауалнама, салыстыру әдістері арқылы жүзеге асырылып, диссертация тақырыбын кешенді әрі жан-жақты ашуға мүмкіндік береді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертант өз жұмысында ғылыми аппаратқа ерекше көңіл бөлген. Ол отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерін негізге ала отырып, олардың көзқарастарына салыстырмалы талдау жүргізген. Деректерді жинау және пайдалану мәдениетін жақсы меңгерген, қолданылған дәйектемелер академиялық талаптарға сай келеді. Автор ғылыми аппаратқа ерекше көңіл бөлген. Диссертацияда тараулар логикалық және жүйелі түрде байланыстырылған, әр бөлім тақырыпты жан-жақты ашуға бағытталған. Зерттеу барысында эмпирикалық және теориялық әдістер кешенді түрде қолданылды, соның нәтижесінде диссертация тақырыбы теориялық, аналитикалық әрі практикалық тұрғыдан толық ашылды.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 4) талдау жоқ	Ұсынылып отырған диссертацияда автор белгілі дәрежеде сыни көзқарас танытқан. Ол қазақтілді медиа жобалардағы аудиториямен сенімді байланыс орнатудың, медиа бренд қалыптастыру мен кәсіби рөлдердің жеткіліксіздігін атап көрсетеді. Сондай-ақ, контенттің экономикалық әлеуетін тек қаржылық табыс тұрғысынан емес, әлеуметтік капитал мен ұлттық экономиканы әртараптандырумен байланыстыру арқылы сын тұрғысынан бағалайды. Жалпы алғанда, жұмыстақазақтілді инфоконтенттің экономикалық әлеуетін бағалауда сыни көзқарас пен сараптамалық тұжырымдар ұсынылады.
5.	Ғылыми жаңашылдық	5.1 Ғылыми нәтижелер мен	Зерттеуде ұсынылған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар қазақтілді

	принципі	ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа</u> (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (25% дан кем)	инфоконтенттің экономикалық әлеуетін тек қаржылық табыс тұрғысынан емес, әлеуметтік капитал қалыптастыру және ұлттық экономиканы әртараптандыру тұрғысынан ашып көрсететіндіктен, олар ғылыми жаңалық өлшемдеріне толық сәйкес келеді. Ұсынылған нәтижелер мен тұжырымдар толық жаңа ғылыми ұғымдарды, қағидалар мен тәсілдерді қазақтілді медиакөңілдікке енгізу тұрғысынан өзектілігі бар деп бағалауға болады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа</u> (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (25% дан кем))	Диссертацияның қорытындылары ғылыми жаңалық өлшемдеріне толық сәйкес келеді және зерттеу нәтижелері мазмұн жағынан да, әдіснамалық тұрғыдан да толығымен жаңа деп нық айтуға негіз бар. Біріншіден, диссертация қорытындысы жаңа ғылыми нәтижелерді көрсете отырып, қазақтілді медиаконтенттің экономикалық әлеуетін жан-жақты талдайды. Екіншіден, зерттеу инфоконтенттің тек қаржылық табыс көзі емес, әлеуметтік капитал қалыптастыру және ұлттық экономиканы әртараптандырудағы рөлін анықтады. Үшіншіден, аудиториямен сенімді байланыс, медиа бренд қалыптастыру және кәсіби рөлдердің нақты бөліну қажеттілігін сыни тұрғыдан көрсетті. YouTube, Instagram және Telegram платформалары арқылы қазақтілді контенттің стратегиялық дамуы мен ұзақ мерзімді монетизация мүмкіндіктері ғылыми дәлелдермен негіздеді. Диссертация нәтижелері қазақтілді медианың сапалық жаңғыруына, нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және ұлттық медиаэкосистеманың тұрақты дамуына нақты үлес қосатынын дәлелдейді.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері	Қазақтілді инфоконтенттің экономикалық әлеуеті, аудитория мен сенімді байланыс және монетизация модельдері эмпирикалық деректермен

		жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа</u> (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (25% дан кем))	дәлелденді. Сонымен қатар, медиаменеджменттің жаңа тәсілдері мен аудиторияға бейімделген контент стратегиясы қазақтілді медианың дамуы мен нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негіздел меген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық ғылымдар бойынша да жарлық бағыттары үшін)	Жұмыс мазмұны ғылыми дәлелдемелер мен эмпирикалық деректерге сүйене отырып, қорытындыларын негізді түрде қалыптастырғанын көрсетеді. Әлеуметтік желідегі нақты кейстер, аудиторияның мінез-құлқы мен монетизация көрсеткіштері зерттеу тұжырымдарын ауқымды дәлелдемелермен бекітеді. Осы тұрғыдан, диссертация қорытындылары ғылыми негізі бар, сенімді әрі жан-жақты деп бағалануы тиіс.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әр ереже бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын	Зерттеуде ұсынылған ереже толық көлемде дәлелденді деп айтуға болады. Ережені негіздеу үшін автор теориялық тұжырымдарды практикалық мәліметпен салыстырып, олардың өзара сәйкестігі мен логикалық байланысын анық көрсеткен. Сонымен қатар шетел зерттеушілерінің тәжірибесімен салыстыру ереженің дұрыстығын күшейтіп, оның ғылыми тұрғыдан негізделгенін дәлелдейді. Қорғауға шығарылған негізгі ережелер тривиалды емес, себебі олар қазақтілді медиаконтенттің экономикалық, әлеуметтік аспектілерін кешенді түрде қарастырады. Зерттеу нақты кейстер мен эмпирикалық деректер арқылы жаңа ғылыми тұжырымдар мен практикалық ұсыныстарды дәлелдейді. Сондықтан ереже ғылыми жаңалығы бар, мәнді және практикалық маңызы жоғары тұжырым деп есептеледі. Ұсынылған ереже ғылыми тұрғыдан алғанда жаңа, себебі қазақтілді медиакөңістікте инфономика мен маркетингтің өзара әрекеттесуін кешенді түрде зерттегенінде көрінеді. Сонымен қатар, аудиторияның тұтыну

		тексеру мүмкін емес.	мінез-құлқы мен контенттің монетизация механизмдерін нақты деректер арқылы ғылыми тұрғыда негіздеуі де жаңа тәсіл болып табылады. Осы ерекшеліктер оның жаңалығын айқын дәлелдейді.
		7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең	Диссертацияның қолдану деңгейі кең, себебі зерттеу нәтижелері қазақтілді медиаконтенттің өндірісі мен таралуына тікелей бағытталған. Эмпирикалық деректер мен кейстер негізінде маркетинг стратегиясын, контент форматын және аудиториямен өзара әрекеттесу тәсілдерін қолдануға болады. Сонымен қатар, ұсынылған шешімдер медиаменеджмент, монетизация және цифрлық трансформация сияқты түрлі салаларда практикада тиімді түрде қолданылуға қабілетті.
		7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия ; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Диссертацияның негізгі идеясы жарияланымдар тізіміне сәйкес автордың ғылыми мақалаларында көрініс тапқан. Scopus және Web of Science базасында 1 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 3 мақала (2 - Өл- Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Журналистика сериясы, 1 - Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Журналистика сериясы) жарияланған. Қалған 5 мақала халықаралық конференция материалдар жинағында жарық көрді.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау– негізделгеннемесе әдіснамақты жазылған 1) ия ; 2) жоқ	Диссертацияда әдіснама негізделген және зерттеу мақсаттарына сәйкес нақты таңдалған. Эмпирикалық және теориялық әдістер кешенді түрде қолданылып, контенттің экономикалық, әлеуметтік аспектілерін жан-жақты талдауға мүмкіндік береді. Бұл зерттеудің қойылған мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері	Диссертация нәтижелері қазіргі заманғы ғылыми зерттеу әдістерін тиімді қолданған деп айтуға болады.

	компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Еңбектегі нәтижелер қазіргі заманғы компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған, бұл ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелері зерттеу нәтижелерінің дәлдігі мен сенімділігін қамтамасыз етеді.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша да жарлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді) : 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияда теориялық қорытындылар, контенттің экономикалық, әлеуметтік әсерін сипаттайтын өзара байланыстар эксперименттік зерттеулер арқылы дәлелденген. Эмпирикалық деректер, сауалнама нәтижелері теориялық тұжырымдарды нақты растауға мүмкіндік берді. Бұл тәсіл зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігін және практикалық қолданылу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ішінара расталған / расталмаған	Диссертациядағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге негізделген. Әлеуметтік желідегі контенттің экономикалық және әлеуметтік әсерін сипаттайтын тұжырымдар халықаралық және отандық зерттеулермен салыстырмалы түрде расталған. Сонымен қатар, эмпирикалық деректер мен нақты кейстердің қолданылуы ғылыми дәлелдемелердің сенімділігін күшейтеді. Сол арқылы автордың тұжырымдары объективті және ғылыми тұрғыдан сенімді болып көрінеді деуге толық негіз бар.
	8.5 Пайдаланылған	Диссертацияда пайдаланылған

		әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксі 3	әдебиеттер тізімі тақырыпты жан-жақты қарастыруға жеткілікті болып келеді. Ол заманауи қазақтілді және халықаралық зерттеулерді қамтиды, инфономика мен маркетинг саласындағы негізгі теориялық және практикалық көздерді ұсынады. Әдебиеттер контенттің экономикалық, әлеуметтік аспектілерін талдауға негіз болады. Сондай-ақ, эмпирикалық зерттеулер мен нақты кейстерді теориялық негіздермен байланыстыруға мүмкіндік береді. Әдебиеттер тізімі зерттеудің сенімділігін және ғылыми негізділігін қамтамасыз етеді. Осылайша, әдебиеттерге шолу ғылыми негізділікті қамтамасыз етіп, диссертация тақырыбын жан-жақты ашуға мүмкіндік береді.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы қазақтілді медиаконтенттің инфономика мен маркетинг өзара әрекеттесуін жүйелі түрде сипаттауда көрінеді. Зерттеу ақпараттық өнімнің экономикалық және әлеуметтік құндылығын теориялық тұрғыдан негіздеді. Сонымен қатар, аудиторияның жас ерекшелігі мен мәдени кодтарын ескере отырып, контент стратегиялары мен монетизация механизмдерінің теориялық моделін ұсынды. Осы тұжырымдар қазақтілді медианың дамуын ғылыми тұрғыда түсіндіруге мүмкіндік береді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы жоғары, себебі зерттеу нәтижелері медиа сала мен мемлекеттік саясатта нақты қолдануға мүмкіндік береді. Инфономика ұғымын медиаэкономика, журналистика және коммуникация салаларының оқу бағдарламаларына енгізу ақпараттың экономикалық құнын бағалау мен контенттің инфономикалық әсерін есептеуге мүмкіндік береді. Қазақтілді аудиторияның ақпаратты түсіну, сезіну

			және өзара әрекеттесу ерекшеліктерін ескере отырып жасалған мақсатты коммуникация стратегиясы контенттің әсерін күшейтіп, оның тиімділігін арттырады. Сонымен қатар, контент сапасын бағалау үшін “зияткерлік және әлеуметтік капитал индексі” енгізу, монетизацияны әртараптандыруға бағытталған интеграциялық бизнес-модельдерді қолдану және инновациялық multiplatform стратегиясын пайдалану практикалық тұрғыда медиакөңістіктің тұрақты дамуына үлес қосады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ғылыми еңбектегі практикалық ұсыныстар жаңа сипатқа ие. Олар қазақ тілді медиаконтенттің инфономикалық әлеуетін, аудитория мінез-құлқын және заманауи платформалық стратегияларды ескере отырып жасалған. “Зияткерлік және әлеуметтік капитал индексі”, интеграциялық монетизация модельдері, multiplatform стратегиясы құралдарын қолдану ұсыныстары бұрынғы зерттеулерде жүйелі түрде қарастырылмаған. Сондықтан бұл ұсыныстар медиа сала мен оқу бағдарламаларына енгізілгенде жаңа практикалық шешімдер ретінде бағаланады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары, бұл сөзімізге келтірілген деректердің жүйелі негізде қарастырыла отырып, ғылыми тұжырымдар мен пайымдаулардың өте сауатты тілде жазылуына себеп болғаны дәлел. Сонымен қатар автордың жасаған байламдары анық әрі қисынды пішінде берілген.
11.	Диссертацияға ескертулер		Біріншіден, диссертацияда зерттеу негізінен 2020-2025 жылдарды қамтиды, бірақ кейбір статистикалық деректер мен мысалдар 2023–2024 жылдарға негізделген. Деректердің уақыты мен контекстін нақтылау, сондай-ақ динамикалық өзгерістерді жүйелі түрде көрсету қажет.

			Екіншіден, зерттеуде инфономика мен маркетингтің өзара әрекеті талданған, бірақ кей тұстарда теориялық байланыс пен практикалық ұсыныстар арасындағы нақты механизмдер айқын көрсетілмеген. Мысалы, инфономикалық индекстер мен маркетингтік КРІ-ларды қалай біріктіруге болады, нақты формула немесе модель ұсынылған жоқ. Аталған ескертулер диссертацияның ғылыми деңгейіне және мазмұндық сапасына елеулі әсер етпейді, тек болашақта зерттеуді тереңдете түсуге бағытталған ұсыныстар ретінде қарастырылуы тиіс.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Н.Касымбекова зерттеу тақырыбы бойынша бірнеше ғылыми мақала жариялаған. Олардың ішінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің БҒСБҚ ұсынған журналдарға жарық көрген мақалалар, халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда жарияланған баяндамалар бар. Бұл мақалаларда диссертацияның негізгі нәтижелері мен тұжырымдары көрініс тапқан. Жарияланымдардың ғылыми деңгейі жоғары, олар диссертацияның мазмұнын толық ашып, зерттеу нәтижелерін апробациялауға мүмкіндік берген.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Касымбекова Назира Муратбековнаның «Әлеуметтік желілердегі инфономика және маркетинг: стратегиясы, әдістері мен құралдары (қазақтілді жарияланымдар бойынша)» тақырыбындағы докторлық диссертациясы дербес, толық аяқталған жұмыс. Диссертацияның теориялық маңызы, ғылыми жаңалығы және практикалық құндылығы бар, қорытындылары мен ұсыныстары ғылыми тұрғыдан негізделген және журналистика ғылымының жаңа бағыттарын дамытуға елеулі үлес қосады.

		Аталған зерттеу жұмысы «Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге лайық.
--	--	--

Ресми рецензент

Филология ғылымдарының кандидаты,
журналистика кафедрасының қауымд.профессоры
академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды
ұлттық зерттеу университеті

 / Рамазанова Ж.С./

« 15 » сәуір 2025 ж.

